

Ғалы Әбілжан Ғалыұлының «Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында клиентке бағдарлануды іске асырудың инновациялық құралдарын жетілдіру» атты «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша экономика докторы дәрежесін алу үшін дайындалған

диссертациясына  
ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға байлесті болуы</p>	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Жоғары Ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Ғалы Әбілжан Ғалыұлының диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруды 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы, «Қазақстан – 2050» стратегиясы және 2024–2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасы сияқты стратегиялық құжаттармен тікелей үйлеседі. Диссертация тақырыбы мемлекеттік қызмет көрсету саласында клиентке бағдарлануды арттыруға бағытталған инновациялық құралдарды жетілдіруді қарастырды, бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының цифрлық трансформация және сервистік басқару бағытындағы ғылым дамуының басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, зерттеу мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарлану және проактивті мемлекеттік қызметтерді енгізу сияқты нақты практикалық мәселелерді қарастырды. Бұл тақырып мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалармен (мысалы, «Электрондық үкімет» порталы, «Азаматтарға арналған үкімет» ҰАҚ қызметтері) үйлеседі және цифрлық технологияларды енгізу, қызмет көрсету тиімділігін арттыру, мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы өзара ерекеттестікті жақсарту сияқты қазіргі заманғы стратегиялық басымдықтарды қолдайды. Зерттеу тақырыбы ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді, себебі ол: клиентке бағдарланған мемлекеттік қызметтерді дамытудың теориялық негізін қалыптастырды; инновациялық құралдарды енгізудің әдістемелік және практикалық аспектілерін</p>

			<p>зерттейді; халықаралық тәжірибе мен озық практиканы Қазақстан контексінде қолданудың жолдарын ұсынады; мемлекеттік басқарудағы сервистік моделді енгізу және цифрлық трансформацияны қолдауға ғылыми негіз береді.</p> <p>Осылайша, диссертацияның тақырыбы ғылымның даму басым бағыттарына, мемлекеттік стратегиялық құжаттарға және елдің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.</p> <p>Автор клиентке бағдарлану тұжырымдамасын мемлекеттік қызмет көрсету контексінде ғылыми түрде ашып, жаңа әдістер мен модельдерді ұсынған. Жұмыс мемлекеттік басқаруда цифрлық және дәстүрлі арналарды біріктіретін гибридік модельді негіздеп, теориялық тұрғыдан маңызы бар.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертация дербес жазылған, авторлық тәсілмен алынған эмпирикалық материалдар (фокус-топтар, мемлекеттік қызметшілер мен тұрғындар арасындағы сауалнамалар) жұмысты толықтырады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған.</li> </ol>	<p>Зерттеу өзектілігі нақты статистикалық деректермен, мемлекеттік бағдарламалармен және халықаралық тәжірибемен толық расталған. Диссертацияда Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға арналған стратегиялық құжаттар: «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2024–2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы негізге алынған. Сонымен қатар, зерттеу деректері электрондық үкімет порталының қызмет көрсету статистикасы, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың сауалнамалары сияқты нақты деректерге сүйенеді. Халықаралық тәжірибелер (Еуропа елдері, ЭЫДҰ, World Bank) зерттеу контексінде салыстырмалы талданған, бұл тақырыптың өзектілігін және оның заманауи ғылыми-практикалық маңызын арттырады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <b>айқындалды;</b> 2) ішінара айқындалды; 3) айқындалмайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны тақырыпты толық ашып, логикалық құрылымға негізделген. Жұмыс бірнеше бөлімнен тұрады: теориялық негіздер, нормативтік-құқықтық талдау, инновациялық құралдардың қолданылуы, эмпирикалық зерттеу (сауалнама және фокус-топтар) және практикалық ұсыныстар. Әр бөлім бір-бірімен логикалық байланысқан, бір бөлімнен екіншісіне өту табиғи және жүйелі. Мазмұн тақырыпқа толық сәйкес келеді, мемлекеттік қызмет көрсету саласында клиентке бағдарлануды арттыру мәселесін жан-жақты қарастырады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді;</b> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Мақсат нақты анықталған: мемлекеттік қызмет көрсету саласында клиентке бағдарлануды арттыруға арналған инновациялық құралдарды жетілдіру. Міндеттер нақты, айқын және мақсатқа толық сәйкес келеді: теориялық-әдіснамалық негіздерді зерттеу, қазақстандық және халықаралық тәжірибені талдау, инновациялық құралдарды қолдану деңгейін бағалау, және практикалық ұсыныстар әзірлеу. Міндеттер мен мақсат арасындағы үйлесім зерттеудің логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді және әрбір міндет нәтижелерді алу үшін қажетті қадам ретінде көрінеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <b>толық байланысқан;</b> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның бөлімдері теориялық, эмпирикалық және практикалық құрамдастар арқылы логикалық байланысқан. Теориялық бөлімде клиентке бағдарлану тұжырымдамасы мен сервистік модельдер қарастырылса, эмпирикалық бөлімде нақты мемлекеттік қызметтерге қатысты сауалнама және фокус-топ деректері ұсынылған. Практикалық бөлімде алынған нәтижелер негізінде инновациялық құралдарды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалған. Бұл бөлімдердің бір-бірімен үйлесуі жұмыстың ғылыми тұтастығын және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін күшейтеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b>сыни талдау бар;</b></p>	<p>Диссертацияда ұсынылған жаңа шешімдер (инновациялық құралдар, жеке тіркеушілер институты, мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін трансформациялау) салыстырмалы түрде халықаралық тәжірибемен және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдау жасалған. Автор жаңа тәсілдердің тиімділігін дәлелдеу үшін нақты қазақстандық жағдайларды, деректерді және цифрлық трансформация нәтижелерін пайдаланған. Бұл тәсілдер мемлекеттік</p>

	<p>2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Қызмет көрсету сапасын арттыруға және азаматтарға құндылық жасауға бағытталған, сондықтан ғылыми және практикалық маңызы бар.</p>
<p>5. Ғылыми принциптері</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған ғылыми нәтижелер жаңа модельдер мен клиентке бағдарланған экожүйелік тәсілдерді қамтиды. Автор мемлекеттік қызмет көрсету саласында инновациялық құралдардың тиімділігін бағалау үшін деректерге негізделген әдістемелік тәсілдерді ұсынған. Бүгі тәсілдер Қазақстан жағдайында мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы өзара әрекеттестікті жақсарту, проактивті және персоналандырылған қызметтерді енгізу сияқты жаңа аспектілерді қарастырды. Сонымен қатар, зерттеу халықаралық тәжірибені салыстыру арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын Қазақстан контекстіне бейімдеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері ғылымға жаңа түсінік береді және клиентке бағдарланған мемлекеттік қызметтерді тиімді ұйымдастыруға жол ашады.</p>
<p>5. Жаңашылдық</p>	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары авторлық ұсыныстар мен практикалық шешімдерге негізделген. Мысалы, инновациялық құралдарды қолданудың тиімділік көрсеткіштері нақты сандық деректермен (электрондық үкімет порталындағы өтініштер саны, қызмет көрсету уақытының қысқаруы) расталған. Қорытындыларда клиентке бағдарланған тәсілдің мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырудағы ролі айқын көрінеді. Сонымен қатар, автор мемлекеттік қызмет көрсету саласында бизнес-процестерді трансформациялау және жеке тіркеушілер институтын енгізу сияқты практикалық шешімдерді ұсынған, бұл қорытындылардың жаңашылдық сипатқа ие екендігін дәлелдейді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған басқару және технологиялық шешімдер ішінара жаңа болып табылады. Жеке тіркеушілер институтын енгізу және мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерін</p>

		<p>Шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) <b>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b>  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>трансформациялау Қазақстанда алғаш рет ғылыми тұрғыдан ұсынылып, нақты тәжірибелік негізделген. Бұл тәсілдер цифрлық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тиімділігін арттыруға, азаматтарға қызмет алудың ыңғайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіне инновациялық құралдарды интеграциялаудың институционалдық, технологиялық және мінез-тікелей қолдануға мүмкіндік береді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәйрық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары эмпирикалық зерттеулерге, мемлекеттік статистикаға, халықпен жүргізілген сауалнама нәтижелеріне және халықаралық тәжірибелерге сүйенген. Мысалы, 27 336 респонденттің сауалнамасы, мемлекеттік қызметшілермен жүргізілген фокус-топтар, сондай-ақ электрондық үкімет порталындағы нақты деректер зерттеу қорытындыларын дәлелдейтін статистикалық база ретінде қызмет етеді. Қорытындыларда инновациялық құралдарды енгізудің тиімділігі, клиентке бағдарланған тәсілдің мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырудағы ролі, сондай-ақ қызмет алушылар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттестіктің оң нәтижелері нақты көрсетілген. Мұның бәрі диссертацияның негізгі қорытындыларының ғылыми негізділігін айқын дәлелдейді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;</p>	<p>Барлық негізгі ережелер ғылыми мақалаларда жарияланған және эмпирикалық деректермен расталған. Мысалы, клиентке бағдарлануды арттыруға бағытталған инновациялық құралдарды енгізудің тиімділігі нақты мемлекеттік статистика, сауалнама нәтижелері және фокус-топ талдаулары арқылы дәлелденген. Автор ұсынылған ережелерді халықаралық тәжірибемен салыстырған, бұл олардың ғылыми негізділігін күшейтеді.</p>

	<p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің колдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Ұсынылған ережелер тек қайталанған теориялық тұжырымдардан тұрады деп айтуға болмайды. Олар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет көрсету саласына нақты қолдануға арналған жаңа тәсілдерді және практикалық шешімдерді қамтиды, соның ішінде цифрлық технологиялар мен жеке тіркеушілер институтын енгізу.</p> <p>Қорғауға шығарылған ережелер жаңа болып табылады, себебі олар клиентке бағдарлануды арттыруға бағытталған экожүйелік тәсілдерді, инновациялық құралдардың енгізілу жолдарын және мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін трансформациялау механизмдерін қамтиды.</p> <p>Ұсынылған ережелердің қолдану деңгейі кең, себебі олар тек теориялық сипатта қалмай, мемлекеттік органдарда, ХҚКО бөлімшелерінде және электрондық үкімет порталы арқылы қызмет көрсету үдерістерінде нақты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертацияда қорытындылар ғылыми мақалаларда жарияланған, оларда зерттеудің эмпирикалық және салыстырмалы деректері көрсетілген. Бұл негізгі ережелердің ғылыми тұрғыдан дәлелденгенін растайды.</p>
--	---	---

<p>8.</p> <p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер Ұсынылған дәйектілігі</p> <p>мен ақпараттын</p>	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дағдылау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық</p>	<p>Әдіснамалық тандау зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келеді және клиентке бағдарланған мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы инновациялық құралдарды зерттеуге мүмкіндік береді. Диссертацияда SWOT-талдау, халықаралық салыстырмалы талдау, фокус-топтар және сауалнама сияқты әртүрлі әдістемелік тәсілдер қолданылған. Бұл әдістер зерттеу объектісінің күрделілігін, яғни мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін, оның құрамдас бөліктерін және инновациялық құралдардың әсерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Әдіснамалық тәсілдердің үйлесімді қолданылуы авторға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырудағы нақты проблемаларды анықтауға және олардың шешімдерін ғылыми дәлелдерге сүйене отырып ұсынуға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертацияда заманауи әдістер мен талдау технологиялары кеңінен қолданылған. Статистикалық өңдеу әдістері арқылы деректердің сенімділігі тексерілген, электрондық сауалнамалар арқылы үлкен көлемдегі ақпарат жинақталған, деректерді визуализациялау арқылы нәтижелер айқын көрсетілген. Сонымен қатар, заманауи әдістер халықаралық тәжірибе мен Қазақстан контекстін салыстыруға мүмкіндік берді, бұл зерттеудің практикалық құндылығын арттырады және инновациялық құралдардың тиімділігін нақты бағалауға мүмкіндік туғызды.</p> <p>Теориялық қорытындылар нақты эмпирикалық зерттеулер мен мемлекеттік статистика арқылы расталған. Мысалы, мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру және қызмет көрсету уақытының қысқаруы сияқты көрсеткіштер деректермен дәлелденген. Бұл теориялық тұжырымдарды сенімді етеді және зерттеудің ғылыми дәлдігін арттырады. Сонымен қатар, автор клиентке бағдарлану тұжырымдамасын теориялық тұрғыдан негіздеп, оны практикалық ұсыныстармен үйлестірген.</p>
---	---	--

	Эксперимент дәлелденеді): 1) ия; 2) жок.	негізінде
	8.4 Маньзды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.	Барлық маньзды мәлімдемелер ғылыми әдебиеттер мен статистикалық деректерге сүйенген. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының ресми статистикалық деректері, мемлекеттік бағдарламалардың құжаттары және халықаралық ұйымдардың мәліметтері пайдаланылған. Бұл диссертацияның дәйектілігін қамтамасыз етеді және ұсынылған шешімдердің сенімділігін арттырады.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Қолданылған әдебиеттер тізімі теориялық және эмпирикалық зерттеулерді толық қамтиды. Сондай-ақ, халықаралық тәжірибе мен отандық зерттеулер ескерілген. Әдебиеттердің кендігі мен әртүрлілігі диссертациядағы деректерді және авторлық қорытындыларды жан-жақты негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл диссертацияның ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді және зерттеудің тұтастығын күшейтеді.
9 Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маньзы: <b>1) бар;</b> 2) жок.  9.2 Диссертацияның практикалық маньзы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> 2) жок.	Диссертация мемлекеттік қызмет көрсету саласында клиентке бағдарлану тұжырымдамасын ғылыми тұрғыдан дамытады. Авторлық тұжырымдама инновациялық құралдарды қолдану арқылы қызмет сапасын арттыру жолдарын көрсетеді, бұл теориялық маньздылығын айқындайды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері мемлекеттік басқару теориясына жаңа түсінік енгізеді, оның ішінде экожүйелік тәсілдер, цифрлық трансформация және бизнес-процестерді трансформациялау концепциялары қарастырылған.  Зерттеу нәтижелері нақты мемлекеттік органдарда, электрондық үкімет порталында және ХЖКО бөлімшелерінде қолдануға мүмкіндік береді. Практикалық маньздылығы клиентке бағдарланған қызметті енгізу, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін жоғарылату және әкімшілік шығындарды төмендету сияқты аспектілерде көрінеді. Сонымен қатар, зерттеу инновациялық құралдарды енгізу жолдарын нақты

	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <b>толлығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ұсынып, қызмет көрсету процесін пифрлық және дәстүрлі арналарды біріктіре отырып онтайландыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Ұсынылған практикалық ұсыныстар ішінара жаңа болып табылады, себебі олар ұлттық контекстке бейімделген және инновациялық тәсілдерді қолдануды қамтиды. Кейбір ұсыныстар бұрыннан белгілі әдістерге сүйенгенімен, олар клиентке бағдарланған тәсілдермен біріктіріліп, жаңа құндылық жасайды. Мысалы, жеке тіркеушілер институтын енгізу және мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерін трансформациялау – бұл практикалық тұрғыдан жаңа тәсілдер, олар қызмет сапасын арттыруға және азаматтармен өзара әрекеттестікті жақсартуға мүмкіндік береді.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b>жоғары;</b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертация академиялық стандарттарға толық сәйкес жазылған. Мәтін логикалық құрылымдалған, бөлімдер бір-бірімен үйлесімді байланыста, теориялық, эмпирикалық және практикалық бөлімдер арасындағы өткелдер айқын көрінеді. Автор терминологияны дәл қолданған, ғылыми стиль сақталған, мәтіннің түсініктілігі жоғары. Кестелер, диаграммалар, графикалар және әдебиеттер тізімі зерттеу материалын толықтырып, нәтижелерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Жазу сапасы оқырманға зерттеудің мақсатын, әдістемесін және қорытындыларын түсінуді жеңілдетеді.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>		<p>Диссертацияда маңызды ескертулер жоқ. Жалпы, диссертация мазмұны толық, жүйелі және логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған. Дегенмен, кейбір кестелерді жақсартуға, эмпирикалық бөлімді толықтыруға және соңғы деректерді қосуға болады.</p>
<p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша</p>		<p>-</p>

<p>Әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Ғалы Әбілжан Ғалыұлының диссертациясы «Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында клиентке бағдарлануды іске асырудың инновациялық құралдарын жетілдіру» тақырыбында экономика докторы дәрежесін алуға толық сәйкес келеді. Диссертацияның ғылыми жаңашылдығы, практикалық маңызы, әдіснамалық және теориялық негізділігі, сондай-ақ академиялық жазу және ресімдеу сапасы жоғары деңгейде. Барлық негізгі қорытындылар нақты деректер мен ғылыми әдебиеттермен расталған. Осыған байланысты, диссертацияны экономика докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		

Рецензент:

Дулат М.  
РнД, Қ.Құлажанов атындағы  
Қазақ технология және бизнес  
университетінің профессоры

